

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2013 жылғы 5 ақпандағы № 89 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 18 ақпандағы № 69 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.02.2015 № 69 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында қызметті жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі бекітілсін.

2. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы уәкілетті орган сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында қызметті жүзеге асыру бойынша лицензиар болып белгіленсін.

3. «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы лицензияланатын қызметтің жекелеген түрлеріне (кіші түрлеріне) қойылатын біліктілік талаптарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 қаңтардағы № 162 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 29, 393-құжат) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С.Ахметов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

5

а қ п а н д а ғ ы

№

8 9

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында қызметті жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі

Ескерту. Біліктілік талаптары жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 22.11.2013 № 1254 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 28.02.2014 № 166 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

P/c №	Біліктілік талаптары	Өтінішті берген кезде қоса берілетін құжаттар	Ескертпе
1	2	3	4
1.	Іздестіру қызметі		
1)	жеке тұлға үшін – іздестіру қызметі саласында тиісті жоғары кәсіптік білімінің және лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде үш жыл еңбек өтілінің (еңбек қызметінің) немесе іздестіру қызметі саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімінің, лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша орындаушы (қызметкер) ретінде кемінде бес жыл еңбек өтілінің (еңбек қызметінің) болуы	осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес біліктілігі және жұмыс өтілі туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	
2)	занды тұлға үшін – штатында іздестіру қызметі саласында тиісті жоғары кәсіптік білімі және лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде үш жыл еңбек өтілі (еңбек қызметі) немесе іздестіру қызметі саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімі, лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде бес жыл еңбек өтілі (еңбек қызметі) бар кемінде бір инженер-техник қызметкердің болуы	осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес инженер-техник қызметкерлердің біліктілігі мен жұмыс өтілінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	
3)	меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және/немесе жалға алу құқығындағы м ы н а л а р м е н : 1) лицензияланатын қызмет түрінің мәлімделген жұмыс түрлерін, кіші түрін орындауға қажетті әкімшілік-өндірістік ғимараттармен немесе үй-жайлармен жарақтандырылған. Бұл ретте жұмысты жүргізген кезде еңбекті қорғау жүйесі мен	осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес өндірістік база	

	қауіпсіздік техникасының талаптарына қайшы болмаса, өндірістік базаның әкімшілік, өндірістік және өзге де ғимараттары немесе үй-жайлары біріктірілуі мүмкін; 2) еңбек жағдайларына сәйкес ұйымдастырылған жұмыс орындарымен жарактандырылған өндірістік базаның болуы	туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	
4)	меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және/немесе жалға алу құқығында ең аз материалдық-техникалық жарактандырылуының болуы: 1) лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрінің мәлімделген жұмыстарын орындау үшін қажетті техникалық талаптарға байланысты пайдаланылатын бақылау-өлшеу аспаптары, құралдары, механизмдері, құрылғылары; 2) инженерлік-геодезиялық жұмыстарды жүзеге асырған кезде есеп айырысуларды орындауға, графикалық және өзге де материалдарды жасау мен ресімдеуге қажетті орнатылған бағдарламалық жасақтамасы бар дербес компьютер	осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес материалдық-техникалық жарактандырылуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	
5)	жұмыстардың тиісінше орындалуын және сапаның қамтамасыз етілуін регламенттейтін сапаны бақылау (норманы бақылау, жұмыс жүргізу сапасын бақылау) жүйесі бойынша өтініш беруші (лицензиат) бекіткен нұсқаулықтың болуы	осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес сапаны бақылау жүйесі бойынша бекітілген нұсқаулық туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	
6)	жауапты инженер-техник қызметкердің оқудан өткенін растайтын құжаттарды қоса берумен, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесі бойынша өтініш беруші (лицензиат) бекіткен қағидалардың және нұсқаулықтардың болуы	осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесі бойынша бекітілген қағидалар мен нұсқаулықтар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	
2.	Жобалау қызметі		
2.1	жобалау қызметімен айналысу үшін III санаттағы лицензиаттарға қойылатын біліктілік талаптары:		
1)	жеке тұлға үшін – жобалау қызметі саласында тиісті жоғары кәсіптік білімінің және лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде үш жыл еңбек өтілінің (еңбек қызметінің) немесе жобалау қызметі саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімінің, лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша орындаушы (қызметкер) ретінде кемінде бес жыл еңбек өтілінің (еңбек қызметінің), сондай-ақ	осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес біліктілігі және	

	сейсмикалық қауіптілігі жоғары аудандардағы жұмыстар үшін рұқсатының болуы	жұмыс өтілі туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	
2)	занды тұлға үшін – штатында жобалау қызметі саласында тиісті жоғары кәсіптік білімі және лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде үш жыл еңбек өтілі (еңбек қызметі) немесе жобалау қызметі саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімі, лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде бес жыл еңбек өтілі (еңбек қызметі) бар кемінде бір инженер-техник қызметкердің, сондай-ақ жауапты орындаушыларда сейсмикалық қауіптілігі жоғары аудандардағы жұмыстар үшін рұқсатының болуы	осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес инженер-техник қызметкерлердің біліктілігі мен жұмыс өтілінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	
3)	меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және/немесе жалға алу құқығындағы м ы н а л а р м е н : 1) лицензияланатын қызмет түрінің мәлімделген жұмыс түрлерін, кіші түрін орындауға қажетті әкімшілік-өндірістік ғимараттармен немесе үй-жайлармен жарактандырылған. Бұл ретте жұмысты жүргізген кезде еңбекті қорғау жүйесі мен қауіпсіздік техникасының талаптарына қайшы болмаса, өндірістік базаның әкімшілік, өндірістік және өзге де ғимараттары немесе үй-жайлары біріктірілуі мүмкін; 2) еңбек жағдайларына сәйкес ұйымдастырылған жұмыс орындарымен жарактандырылған өндірістік базаның болуы	осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес өндірістік база туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	
4)	меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және/немесе жалға алу құқығында лицензияланатын қызмет түрінің мәлімделген кіші түрін орындау үшін қажетті есеп айырысуларды орындауды, графикалық және өзге де материалдарды жасау мен ресімдеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін орнатылған бағдарламалық жасақтамасы бар дербес компьютерлерді қамтитын ең аз материалдық-техникалық жарактандырылуы	осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес техникалық жарактандырылуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	
5)	жұмыстардың тиісінше орындалуын және сапаның қамтамасыз етілуін регламенттейтін сапаны бақылау (норманы бақылау, жұмыс жүргізу сапасын бақылау, жобалар мен оның бөлімдерінің сапасын бақылау) жүйесі бойынша өтініш беруші (лицензиат) бекіткен нұсқаулықтың болуы	осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес сапаны бақылау жүйесі бойынша бекітілген нұсқаулық туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	
	жауапты инженер-техник қызметкердің оқудан өткенін растайтын құжаттарды қоса	осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес еңбекті қорғау	

6)	берумен, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесі бойынша өтініш беруші (лицензиат) бекіткен қағидалардың және нұсқаулықтардың болуы	және қауіпсіздік техникасы жүйесі бойынша бекітілген қағидалар мен нұсқаулықтар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	
2.2	жобалау қызметімен айналысу үшін II санаттағы лицензиаттарға қойылатын біліктілік талаптары:		
1)	жеке тұлға үшін – жобалау қызметі саласында тиісті жоғары кәсіптік білімінің және лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде сегіз жыл еңбек өтілінің (еңбек қызметінің) немесе жобалау қызметі саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімінің, лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша орындаушы (қызметкер) ретінде кемінде он жыл еңбек өтілінің (еңбек қызметінің), сондай-ақ сейсмикалық қауіптілігі жоғары аудандардағы жұмыстар үшін рұқсатының болуы	осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес біліктілігі және жұмыс өтілі туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	
2)	занды тұлға үшін – штатында жобалау қызметі саласында тиісті жоғары кәсіптік білімі және лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде бес жыл еңбек өтілі (еңбек қызметі) немесе жобалау қызметі саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімі, лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде жеті жыл еңбек өтілі (еңбек қызметі) бар кемінде бір инженер-техник қызметкердің, сондай-ақ жауапты орындаушыларда сейсмикалық қауіптілігі жоғары аудандардағы жұмыстар үшін рұқсатының болуы	осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес инженер-техник қызметкерлердің біліктілігі мен жұмыс өтілінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	
3)	меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және/немесе жалға алу құқығындағы м ы н а л а р м е н : 1) лицензияланатын қызмет түрінің мәлімделген жұмыс түрлерін, кіші түрін орындауға қажетті әкімшілік-өндірістік ғимараттармен немесе үй-жайлармен жаратқандырылған. Бұл ретте жұмысты жүргізген кезде еңбекті қорғау жүйесі мен қауіпсіздік техникасының талаптарына қайшы болмаса, өндірістік базаның әкімшілік, өндірістік және өзге де ғимараттары немесе үй-жайлары біріктірілуі мүмкін;	осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес өндірістік база туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	

	2) еңбек жағдайларына сәйкес ұйымдастырылған жұмыс орындарымен жаратқандырылған өндірістік базаның болуы		
4)	меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және/немесе жалға алу құқығында лицензияланатын қызмет түрінің мәлімделген кіші түрін орындау үшін қажетті есеп айырысуларды орындауды, графикалық және өзге де материалдарды жасау мен ресімдеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін орнатылған бағдарламалық жасақтамасы бар дербес компьютерлерді қамтитын ең аз материалдық-техникалық жаратқандырылуы	осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес техникалық жаратқандырылуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	
5)	жұмыстардың тиісінше орындалуын және сапаның қамтамасыз етілуін регламенттейтін сапаны бақылау (норманы бақылау, жұмыс жүргізу сапасын бақылау, жобалар мен оның бөлімдерінің сапасын бақылау) жүйесі бойынша өтініш беруші (лицензиат) бекіткен нұсқаулықтың болуы	осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес сапаны бақылау жүйесі бойынша бекітілген нұсқаулық туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	
6)	жауапты инженер-техник қызметкердің оқудан өткенін растайтын құжаттарды қоса берумен, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесі бойынша өтініш беруші (лицензиат) бекіткен қағидалардың және нұсқаулықтардың болуы	осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесі бойынша бекітілген қағидалар мен нұсқаулықтар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	
7)	лицензиаттың кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесі, бұл ретте жұмыс тәжірибесі жобалау қызметін (жобалау бөлігінде жобалау-іздістіру қызметін) жүзеге асыруға шетелдік тұлғалар үшін лицензия немесе өзге де тең келетін рұқсат беру құжатын алған күнінен бастап есептеледі не III санаттағы лицензиат ретінде кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесі	лицензияның немесе «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тиісті расталуы бар шет мемлекеттің тиісті ресми рұқсат беру құжатының көшірмесі	
8)	бас мердігер ретінде, құжаттамалық растауды (объектіні пайдалануға беру туралы қол қойылған актілердің көшірмелерін) ұсына отырып, техникалық жағынан күрделі емес екінші және/немесе үшінші жауапкершілік деңгейінде кемінде бес іске асырылған құрылыс объектілерінің болуы не лицензиат қосалқы мердігерлік шарттар бойынша жұмыстар орындаған, құжаттамалық растауды (орындалған жұмыстардың қол қойылған	осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес іске асырылған объектілер туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	бас мердігерлік және қос мердігерлік шарттар бой жұмыс тәжірибесі бо. жағдайда объектілер пайдалануға беру акті және орындалған жұмыстардың актілер ұсынуға рұқсат етіледі, ретте актілердің жалпы қосалқы мердігерлік ша бойынша объектілер, болуын растау үш белгіленген мөлшер ұсынылуға Жұмыс тәжірибесі рет лицензияның санатына с жұмыстарды бас мерд ретінде орындауға рұ

	актілерінің көшірмелерін) ұсына отырып, бірінші және/немесе екінші жауапкершілік деңгейіндегі кемінде он объектінің болуы		берілмейтін объекті бойынша құжаттық раст ұсыну 2012 жылғы қаңтарға дейін күшіне енгізілетін шарттар бойынша жұмыстарды орындау жағдайда ғана рұқсат еті.
9)	бас мердігер ретінде іске асырылған құрылыс объектілері бойынша тапсырыс берушілерден және/немесе пайдаланушы тұлғалардан, не тапсырыс берушілерден және/немесе пайдаланушы тұлғалардан пікірлер алу мүмкін болмаған жағдайда мүдделі жергілікті атқарушы органдардан кемінде бес оң пікірдің не қосалқы мердігерлік шарттар бойынша кемінде он оң пікірдің болуы	осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес іске асырылған объектілер жөніндегі пікірлер туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	
2.3	жобалау қызметімен айналысу үшін I санаттағы лицензияларға қойылатын біліктілік талаптары:		
1)	жеке тұлға үшін – жобалау қызметі саласында тиісті жоғары кәсіптік білімінің және лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде он үш жыл еңбек өтілінің (еңбек қызметінің) немесе жобалау қызметі саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімінің, лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша орындаушы (қызметкер) ретінде кемінде он бес жыл еңбек өтілінің (еңбек қызметінің), сондай-ақ сейсмикалық қауіптілігі жоғары аудандардағы жұмыстар үшін рұқсатының болуы	осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес біліктілігі және жұмыс өтілі туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	
2)	занды тұлға үшін – штатында жобалау қызметі саласында тиісті жоғары кәсіптік білімі, лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде бес жыл еңбек өтілі (еңбек қызметі) немесе жобалау қызметі саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімі, лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде жеті жыл еңбек өтілі (еңбек қызметі) бар кемінде бір инженер-техник қызметкердің, сондай-ақ жауапты орындаушыларда сейсмикалық қауіптілігі жоғары аудандардағы жұмыстар үшін рұқсатының болуы. Құрылтайшыларының кемінде біреуінің жобалау саласында кемінде отыз жыл халықаралық тәжірибесі бар және бірінші	осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес инженер-техник қызметкерлердің біліктілігі мен	

	жауапкершілік деңгейіндегі объектілерді жобалауды орындаған заңды тұлғалар үшін жауапты орындаушыларда сейсмикалық қауіптілігі жоғары аудандардағы жұмыстар үшін рұқсатының болуы туралы талап қолданылмайды	жұмыс өтілінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	
3)	меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) құқығындағы мыналармен: 1) лицензияланатын қызмет түрінің мәлімделген жұмыс түрлерін, кіші түрін орындауға қажетті әкімшілік-өндірістік ғимараттармен немесе үй-жайлармен жаратқандырылған. Бұл ретте жұмысты жүргізген кезде еңбекті қорғау жүйесі мен қауіпсіздік техникасының талаптарына қайшы болмаса, өндірістік базаның әкімшілік, өндірістік және өзге де ғимараттары немесе үй-жайлары біріктірілуі мүмкін; 2) еңбек жағдайларына сәйкес ұйымдастырылған жұмыс орындарымен жаратқандырылған өндірістік базаның болуы	осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес өндірістік база туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	
4)	меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және/немесе жалға алу құқығында лицензияланатын қызмет түрінің мәлімделген кіші түрін орындау үшін қажетті есеп айырысуларды орындауды, графикалық және өзге де материалдарды жасау мен ресімдеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін орнатылған бағдарламалық жасақтамасы бар дербес компьютерлерді қамтитын ең аз материалдық-техникалық жаратқандырылуы	осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес техникалық жаратқандырылуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	
5)	жұмыстардың тиісінше орындалуын және сапаның қамтамасыз етілуін регламенттейтін сапаны бақылау (норманы бақылау, жұмыс жүргізу сапасын бақылау, жобалар мен оның бөлімдерінің сапасын бақылау) жүйесі бойынша өтініш беруші (лицензиат) бекіткен нұсқаулықтың болуы	осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес сапаны бақылау жүйесі бойынша бекітілген нұсқаулық туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	
6)	жауапты инженер-техник қызметкердің оқудан өткенін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесі бойынша өтініш беруші (лицензиат) бекіткен қағидалардың және нұсқаулықтардың болуы. Құрылтайшыларының кемінде біреуінің жобалау саласында кемінде отыз жыл халықаралық тәжірибесі бар және бірінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілерді жобалауды орындаған заңды тұлғалар үшін жауапты инженер-техник қызметкердің оқудан өткенін растайтын құжаттардың болуы туралы талап қолданылмайды	осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесі бойынша бекітілген қағидалар мен нұсқаулықтар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	

7)	<p>лицензиаттың кемінде он жыл не Қазақстан Республикасының аумағында теңіз мұнай-газ жобалары үшін жобалау қызметін (жобалау бөлігінде жобалау-іздістіру қызметін) жүзеге асырған тұлғалар үшін кемінде жеті жыл жұмыс тәжірибесі не II санаттағы лицензиат ретінде кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесі.</p> <p>Жұмыс тәжірибесі лицензияны алған күннен бастап есептеледі.</p> <p>Шетелдік тұлғалар үшін жұмыс тәжірибесі ретінде жобалау қызметін (жобалау бөлігінде жобалау-іздістіру қызметін) жүзеге асыруға тең келетін рұқсат беру құжаты есепке алынады.</p> <p>Құрылтайшыларының кемінде біреуінің жобалау саласында кемінде отыз жыл халықаралық тәжірибесі бар және бірінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілерді жобалауды орындаған заңды тұлғалар үшін алты жыл жұмыс тәжірибесі</p>	<p>лицензияның немесе «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тиісті расталуы бар шет мемлекеттің тиісті ресми рұқсат беру құжатының көшірмесі.</p> <p>Құрылтайшыларының кемінде біреуінің жобалау саласында кемінде отыз жыл халықаралық тәжірибесі бар және бірінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілерді жобалауды орындаған заңды тұлғалар үшін қызметінің негізгі нысанасы Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастыру және өткізу болып табылатын, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғаның ұсынымдары</p>	
8)	<p>құжаттамалық растауды (объектіні пайдалануға беру туралы қол қойылған актілердің көшірмелерін) ұсына отырып, бас мердігер ретінде бірінші және/немесе екінші жауапкершілік деңгейінде кемінде он іске асырылған құрылыс объектілерінің болуы не лицензиат қосалқы мердігерлік шарттар бойынша жұмыстар орындаған, құжаттамалық растауды (орындалған жұмыстардың қол қойылған актілерінің көшірмелерін) ұсына отырып, бірінші және/немесе екінші жауапкершілік деңгейіндегі кемінде жиырма объектінің болуы.</p> <p>Құрылтайшыларының кемінде біреуінің жобалау саласында кемінде отыз жыл халықаралық тәжірибесі бар және бірінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілерді жобалауды орындаған заңды тұлғалар үшін бұл талап қолданылмайды</p>	<p>осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес іске асырылған объектілер туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны</p>	<p>бас мердігерлік және қос мердігерлік шарттар бой жұмыс тәжірибесі бо. жағдайда объектілер пайдалануға беру акті және орындалған жұмыстардың актілер ұсынуға рұқсат етіледі, ретте актілердің жалпы қосалқы мердігерлік шарт бойынша объектілер, болуын растау үш белгіленген мөлшер ұсынылуға</p> <p>Жұмыс тәжірибесі рет лицензияның санатына с жұмыстарды бас мерді ретінде орындауға рұ берілмейтін объекті бойынша құжаттық раст ұсыну 2012 жылғы қаңтарға дейін күшіне е шарттар бойынша жұмыстарды орында жағдайда ғана рұқсат еті.</p>
	<p>бас мердігер ретінде іске асырылған құрылыс объектілері бойынша тапсырыс берушілерден және/немесе пайдаланушы тұлғалардан кемінде бес оң пікірдің не қосалқы мердігерлік шарттар бойынша кемінде он пікірдің не тапсырыс берушілерден және/немесе пайдаланушы тұлғалардан пікірлер алу мүмкін болмаған жағдайда мүдделі жергілікті</p>	<p>осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес іске асырылған объектілер жөніндегі пікірлер</p>	

9)	<p>атқарушы органдардан оң пікірдің болуы. Құрылтайшыларының кемінде біреуінің жобалау саласында кемінде отыз жыл халықаралық тәжірибесі бар және бірінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілерді жобалауды орындаған заңды тұлғалар үшін бұл талап қолданылмайды</p>	<p>туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны</p>	
10)	<p>лицензиаттың қызметін қоса атқарып жүрген инженерлік-техникалық қызметкерлердің жалпы санының 20 %-ынан артық болмауы. Құрылтайшыларының кемінде біреуінің жобалау саласында кемінде отыз жыл халықаралық тәжірибесі бар және бірінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілерді жобалауды орындаған заңды тұлғалар үшін бұл талап қолданылмайды</p>	<p>осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес инженер-техник қызметкерлердің біліктілігі мен жұмыс өтілінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны</p>	
3.	<p>Құрылыс-монтаж жұмыстары</p>		
3.1	<p>құрылыс-монтаж жұмыстарымен айналысу үшін III санаттағы лицензиаттарға қойылатын біліктілік талаптары:</p>		
1)	<p>жеке тұлға үшін – құрылыс-монтаждау жұмыстары саласында тиісті жоғары кәсіптік білімінің және лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде екі жыл еңбек өтілінің (еңбек қызметінің) немесе құрылыс-монтаждау жұмыстары саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімінің, лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша орындаушы (қызметкер) ретінде кемінде үш жыл еңбек өтілінің (еңбек қызметінің), сондай-ақ сейсмикалық қауіптілігі жоғары аудандардағы жұмыстар үшін рұқсатының болуы</p>	<p>осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес біліктілігі және жұмыс өтілі туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны</p>	
2)	<p>заңды тұлға үшін – штатында құрылыс-монтаждау жұмыстары саласында тиісті жоғары кәсіптік білімі және лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде екі жыл еңбек өтілі (еңбек қызметі) немесе құрылыс-монтаждау жұмыстары саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімі, лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына</p>	<p>осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес инженер-техник қызметкерлердің біліктілігі мен</p>	

	<p>кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде үш жыл еңбек өтілі (еңбек қызметі) бар кемінде бір инженер-техник қызметкердің, сондай-ақ жауапты орындаушыларда сейсмикалық қауіптілігі жоғары аудандардағы жұмыстар үшін рұқсатының болуы</p>	<p>жұмыс өтілінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны</p>	
<p>3)</p>	<p>меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және/немесе жалға алу құқығындағы мыналармен:</p> <p>1) лицензияланатын қызмет түрінің мәлімделген жұмыс түрлерін, кіші түрін орындауға қажетті әкімшілік-өндірістік ғимараттармен немесе үй-жайлармен жарақтандырылған. Бұл ретте жұмысты жүргізген кезде еңбекті қорғау жүйесі мен қауіпсіздік техникасының талаптарына қайшы болмаса, сондай-ақ әкімшілік, техникалық және өндірістік қызметкерлердің еңбек жағдайларын бұзбаса, өндірістік базаның әкімшілік, өндірістік және өзге де ғимараттары немесе үй-жайлары біріктірілуі мүмкін;</p> <p>2) еңбек жағдайларына сәйкес ұйымдастырылған жұмыс орындарымен жарақтандырылған өндірістік базаның болуы</p>	<p>осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес өндірістік база туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны</p>	
<p>4)</p>	<p>меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және/немесе жалға алу құқығында лицензияланатын қызмет түрі кіші түрінің мәлімделген жұмыстарына қойылатын техникалық талаптарға байланысты құрылыс-монтажда жұмыстарын орындауға қойылатын техникалық талаптарға сәйкес белгіленген жабдықтардың ең аз жиынтығын, бақылау-өлшеу құралдарын, аспаптарды,</p>	<p>осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес техникалық</p>	

	машиналар мен механизмдерді қамтитын ең аз материалдық-техникалық жарақтандырылуы	жарақтандырылуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	
5)	жұмыстардың тиісінше орындалуын және сапаның қамтамасыз етілуін регламенттейтін сапаны бақылау (норманы бақылау, жұмыс жүргізу сапасын бақылау) жүйесі бойынша өтініш беруші (лицензиат) бекіткен нұсқаулықтың болуы	осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес сапаны бақылау жүйесі бойынша бекітілген нұсқаулық туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	
6)	жауапты инженер-техник қызметкердің оқудан өткенін растайтын құжаттарды қоса берумен, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесі бойынша өтініш беруші (лицензиат) бекіткен қағидалардың және нұсқаулықтардың болуы	осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесі бойынша бекітілген қағидалар мен нұсқаулықтар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	
3.2	құрылыс-монтаждау жұмыстарымен айналысу үшін II санаттағы лицензиаттарға қойылатын біліктілік талаптары:		
1)	жеке тұлға үшін – құрылыс-монтаждау жұмыстары саласында тиісті жоғары кәсіптік білімінің және лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде сегіз жыл еңбек өтілінің (еңбек қызметінің) немесе құрылыс-монтаждау жұмыстары саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімінің, лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша орындаушы (қызметкер) ретінде кемінде он жыл еңбек өтілінің (еңбек қызметінің), сондай-ақ сейсмикалық қауіптілігі жоғары аудандардағы жұмыстар үшін рұқсатының болуы	осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес біліктілігі және жұмыс өтілі туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	
2)	заңды тұлға үшін – штатында құрылыс-монтаждау жұмыстары саласында тиісті жоғары кәсіптік білімі және лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде үш жыл еңбек өтілі (еңбек қызметі) немесе құрылыс-монтаждау жұмыстары саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімі, лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде бес жыл еңбек өтілі (еңбек қызметі) бар кемінде бір инженер-техник қызметкердің, сондай-ақ жауапты орындаушыларда сейсмикалық қауіптілігі жоғары аудандардағы жұмыстар үшін рұқсатының болуы	осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес инженер-техник қызметкерлердің біліктілігі мен жұмыс өтілінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	
	меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және/немесе жалға алу құқығындағы		

3)	<p>мыналармен :</p> <p>1) лицензияланатын қызмет түрінің мәлімделген жұмыс түрлерін, кіші түрін орындауға қажетті әкімшілік-өндірістік ғимараттармен немесе үй-жайлармен жаратқандырылған. Бұл ретте жұмысты жүргізген кезде еңбекті қорғау жүйесі мен қауіпсіздік техникасының талаптарына қайшы болмаса, өндірістік базаның әкімшілік, өндірістік және өзге де ғимараттары немесе үй-жайлары біріктірілуі мүмкін;</p> <p>2) еңбек жағдайларына сәйкес ұйымдастырылған жұмыс орындарымен жаратқандырылған өндірістік базаның болуы</p>	осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес өндірістік база туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	
4)	<p>меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және/немесе жалға алу құқығында лицензияланатын қызмет түрі кіші түрінің мәлімделген жұмыстарына қойылатын техникалық талаптарға байланысты құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындауға қойылатын техникалық талаптарға сәйкес белгіленген жабдықтардың ең аз жиынтығын, бақылау-өлшеу құралдарын, аспаптарды, машиналар мен механизмдерді қамтитын ең аз материалдық-техникалық жаратқандырылуы</p>	осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес техникалық жаратқандырылуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	
5)	<p>жұмыстардың тиісінше орындалуын және сапаның қамтамасыз етілуін регламенттейтін сапаны бақылау (норманы бақылау, жұмыс жүргізу сапасын бақылау) жүйесі бойынша өтініш беруші (лицензиат) бекіткен нұсқаулықтың болуы</p>	осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес сапаны бақылау жүйесі бойынша бекітілген нұсқаулық туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	
6)	<p>жауапты инженер-техник қызметкердің оқудан өткенін растайтын құжаттарды қоса берумен, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесі бойынша өтініш беруші (лицензиат) бекіткен қағидалардың және нұсқаулықтардың болуы</p>	осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесі бойынша бекітілген қағидалар мен нұсқаулықтар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны	
7)	<p>лицензиаттың кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесі, бұл ретте жұмыс тәжірибесі құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүзеге асыруға лицензия немесе шетелдік тұлғалар үшін өзге де тең келетін рұқсат беру құжатын алған күнінен бастап есептеледі не III санаттағы лицензиат ретінде кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесі</p>	лицензияның немесе «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тиісті расталуы бар шет мемлекеттің тиісті ресми рұқсат беру құжатының көшірмесі	
			бас мердігерлік ж қосалқы мердігерл шарттар бойынша жү тәжірибесі болған жағ, объектілерді пайдала беру актілерін ж; орындалған жұмыстақ актілерін ұсынуға рұ

8)	<p>бас мердігер ретінде, құжаттамалық растауды (объектіні пайдалануға беру туралы қол қойылған актілердің көшірмелерін) ұсына отырып, техникалық жағынан күрделі емес екінші және/немесе үшінші жауапкершілік деңгейінде кемінде бес іске асырылған құрылыс объектілерінің болуы не лицензиат қосалқы мердігерлік шарттар бойынша жұмыстар орындаған, құжаттамалық растауды (орындалған жұмыстардың қол қойылған актілерінің көшірмелерін) ұсына отырып, бірінші және/немесе екінші жауапкершілік деңгейіндегі кемінде он объектінің болуы</p>	<p>осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес іске асырылған объектілер туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны</p>	<p>етіледі, бұл ретте акті жалпы саны қосал мердігерлік шарт бойынша объектілер болуын растау үі белгіленген мөлше ұсынылуға Жұмыс тәжірибесі ре лицензияның санат сәйкес жұмыстарды мердігер ретінде оры рұқсат берілмейт объектілер бойын құжаттық растауды ұ 2012 жылғы 30 қаңт дейін күшіне енген ша бойынша жұмыстар орындаған жағдайда рұқсат етіледі.</p>
9)	<p>бас мердігер ретінде іске асырылған құрылыс объектілері бойынша тапсырыс берушілерден және/немесе пайдаланушы тұлғалардан, не тапсырыс берушілерден және/немесе пайдаланушы тұлғалардан пікірлер алу мүмкін болмаған жағдайда мүдделі жергілікті атқарушы органдардан кемінде бес оң пікірдің не қосалқы мердігерлік шарттар бойынша кемінде он оң пікірдің болуы</p>	<p>осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес іске асырылған объектілер туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны</p>	
3.3	<p>құрылыс-монтаждау жұмыстарымен айналысу үшін I санаттағы лицензиаттарға қойылатын біліктілік талаптары:</p>		
1)	<p>жеке тұлға үшін – құрылыс-монтаждау жұмыстары саласында тиісті жоғары кәсіптік білімінің және лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде он үш жыл еңбек өтілінің (еңбек қызметінің) немесе құрылыс-монтаждау жұмыстары саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімінің, лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша орындаушы (қызметкер) ретінде кемінде он бес жыл еңбек өтілінің (еңбек қызметінің), сондай-ақ сейсмикалық қауіптілігі жоғары аудандардағы жұмыстар үшін рұқсатының болуы</p>	<p>осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес біліктілігі және жұмыс өтілі туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны</p>	
	<p>занды тұлға үшін – штатында құрылыс-монтаждау жұмыстары саласында тиісті жоғары кәсіптік білімі және лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде үш жыл еңбек өтілі (еңбек</p>	<p>осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес</p>	

2)	<p>қызметі) немесе құрылыс-монтаждау жұмыстары саласында тиісті орта кәсіптік немесе техникалық және кәсіптік білімі, лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін жұмыстардың бейіні бойынша кемінде бес жыл еңбек өтілі (еңбек қызметі) бар кемінде бір инженер-техник қызметкердің, сондай-ақ жауапты орындаушыларда сейсмикалық қауіптілігі жоғары аудандардағы жұмыстар үшін рұқсатының болуы</p>	<p>инженерлік-техникалық қызметкерлердің біліктілігі мен жұмыс өтілінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны</p>	
3)	<p>меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) құқығындағы мыналармен: 1) лицензияланатын қызмет түрінің мәлімделген жұмыс түрлерін, кіші түрін орындауға қажетті әкімшілік-өндірістік ғимараттармен немесе үй-жайлармен жаратандырылған. Бұл ретте жұмысты жүргізген кезде еңбекті қорғау жүйесі мен қауіпсіздік техникасының талаптарына қайшы болмаса, өндірістік базаның әкімшілік, өндірістік және өзге де ғимараттары немесе үй-жайлары біріктірілуі мүмкін; 2) еңбек жағдайларына сәйкес ұйымдастырылған жұмыс орындарымен жаратандырылған өндірістік базаның болуы</p>	<p>осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес өндірістік база туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны</p>	
4)	<p>меншік (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару) және/немесе жалға алу құқығында лицензияланатын қызмет түрі кіші түрінің мәлімделген жұмыстарына қойылатын техникалық талаптарға байланысты құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындауға қойылатын техникалық талаптарға сәйкес белгіленген жабдықтардың ең аз жиынтығын, бақылау-өлшеу құралдарын, аспаптарды, машиналар мен механизмдерді қамтитын ең аз материалдық-техникалық жаратандырылуы</p>	<p>осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес техникалық жаратандырылуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны</p>	
5)	<p>жұмыстардың тиісінше орындалуын және сапаның қамтамасыз етілуін регламенттейтін сапаны бақылау (норманы бақылау, жұмыс жүргізу сапасын бақылау) жүйесі бойынша өтініш беруші (лицензиат) бекіткен нұсқаулықтың болуы</p>	<p>осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес сапаны бақылау жүйесі бойынша бекітілген нұсқаулық туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны</p>	
6)	<p>жауапты инженер-техник қызметкердің оқудан өткенін растайтын құжаттарды қоса берумен, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесі бойынша өтініш беруші (лицензиат) бекіткен қағидалардың және нұсқаулықтардың болуы</p>	<p>осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесі бойынша бекітілген қағидалар мен нұсқаулықтар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны</p>	
	<p>лицензиаттың кемінде он жыл не Қазақстан Республикасының аумағында теңіз мұнай-газ жобалары үшін құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүзеге асыратын тұлғалар үшін</p>		

2013 жылғы 22 қарашадағы
№ 1254 қаулысымен бекітілген
біліктілік талаптарына
қосымша

Іздестіру қызметіне лицензияға мәліметтер нысаны

Жеке тұлға үшін өтініш берушінің біліктілігі және заңды тұлға үшін инженер-техник қызметкерлері туралы мәліметтер (сұрау салынған санатқа қарамастан лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны алған кезде)

1) ТАӘ _____

2) Лауазымы _____

3) Осы ұйымда _____ жұмыс істейді.
(тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтінін көрсету)

4) Жұмыс өтілі _____
(мамандығы бойынша және атқарып отырған жұмысындағы өтілін көрсету)

5) Оқу орнының атауы _____

6) Бітірген жылы _____

7) Дипломы бойынша біліктілігі _____

Өндірістік база туралы мәліметтер
(сұрау салынған санатқа қарамастан лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны алған кезде, сондай-ақ санат бере отырып, лицензияны қайта ресімдеген кезде толтырылады)

8) Өндірістік базаның мекенжайы _____

9) Ауданы _____

10) Жылжымайтын мүлікті тіркеу туралы куәліктің нөмірі _____

11) Жалға алу туралы шарттың нөмірі _____

12) База мыналармен жарақталған: (болған жағдайда, «X» белгісін қою қажет)

Өтініш берілген жұмыс түрлерін, лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрін орындау үшін қажетті әкімшілік-өндірістік ғимараттармен және үй-жайлармен _____

Еңбек шарттарына сәйкес ұйымдастырылған жұмыс орындарымен _____

13) Жұмыстардың тиісінше орындалуын және сапаның қамтамасыз етілуін

регламенттейтін сапаны бақылау жүйесі бойынша бекітілген нұсқаулықтың деректемелері (норманы бақылау, жұмыс жүргізудің сапасын бақылау) _____

14) Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесі бойынша бекітілген қағидалар мен нұсқаулықтардың деректемелері _____

Материалдық-техникалық жарақтандырылуы туралы мәліметтер (сұрау салынған санатқа қарамастан лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны алған кезде толтырылады)

15) Атауы _____

16) Өлшем бірлігі _____

17) Саны _____

18) Пайдалану мерзімі _____

19) Сипаттамасы (маркасы, қуаты), сапалық құрамы _____

20) Ескертпе _____

Жобалау қызметіне лицензияға мәліметтер нысаны

Жеке тұлға үшін өтініш берушінің біліктілігі және заңды тұлға үшін инженер-техник қызметкерлері туралы мәліметтер (сұрау салынған санатқа қарамастан лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны алған кезде, сондай-ақ лицензияны I санатқа қайта ресімдеген кезде толтырылады)

1) ТАӘ _____

2) Лауазымы _____

3) Осы ұйымда _____ жұмыс істейді.
(тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтінін көрсету)

4) Жұмыс өтілі _____
(мамандығы бойынша және атқарып отырған жұмысындағы өтілін көрсету)

- 5) Оқу орнының атауы _____
6) Бітірген жылы _____
7) Дипломы бойынша біліктілігі _____
8) Сейсмикалық қауіп жоғары аудандарда жұмыс істеуге рұқсатының болуы _____

(құжаттың нөмірін, берілген күні мен орнын көрсету)

Өндірістік база туралы мәліметтер (сұрау салынған санатқа қарамастан лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны алған кезде, сондай-ақ санат бере отырып, лицензияны қайта ресімдеген кезде толтырылады)

9) Өндірістік базаның мекенжайы _____

10) Ауданы _____

11) Жылжымайтын мүлікті тіркеу туралы куәліктің нөмірі _____

12) Жалға алу туралы шарттың нөмірі _____

13) База мыналармен жарақталған: (болған жағдайда, «X» белгісін қою қажет)

Өтініш берілген жұмыс түрлерін, лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрін орындау үшін қажетті әкімшілік-өндірістік ғимараттармен және үй-жайлармен _____

Еңбек шарттарына сәйкес ұйымдастырылған жұмыс орындарымен _____

14) Жұмыстардың тиісінше орындалуын және сапаның қамтамасыз етілуін регламенттейтін сапаны бақылау жүйесі бойынша бекітілген нұсқаулықтың деректемелері (норманы бақылау, жұмыс жүргізудің сапасын бақылау) _____

15) Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесі бойынша бекітілген қағидалар мен нұсқаулықтардың деректемелері _____

Ө з г е т а л а п т а р
(лицензия алған және лицензияны I және II қайта ресімдеген кезде толтырылады)

16) Жұмыс тәжірибесі _____

17) Іске қосылған объектілер _____

18) Пайдалануға беру актілерінің және орындалған жұмыстар актілерінің деректемелері _____

19) Іске қосылған объектілер бойынша пікірлердің деректемелері _____

Материалдық-техникалық жарақтандырылуы туралы мәліметтер (сұрау салынған санатқа қарамастан лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны алған кезде толтырылады)

20) Атауы _____

21) Өлшем бірлігі _____

22) Саны _____

23) Пайдалану мерзімі _____

24) Сипаттамасы (маркасы, қуаты), сапалық құрамы _____

25) Ескертпе _____

Құрылыс-монтаж жұмыстарына лицензияға мәліметтер нысаны

Жеке тұлға үшін өтініш берушінің біліктілігі және заңды тұлға үшін инженер-техник қызметкерлері туралы мәліметтер (сұрау салынған санатқа қарамастан лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны алған кезде, сондай-ақ лицензияны I санатқа қайта ресімдеген кезде толтырылады)

- 1) ТАӘ _____
- 2) Лауазымы _____
- 3) Осы ұйымда _____ жұмыс істейді.
(тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтінін көрсету)
- 4) Жұмыс өтілі _____
(мамандығы бойынша және атқарып отырған жұмысындағы өтілін көрсету)
- 5) Оқу орнының атауы _____
- 6) Бітірген жылы _____
- 7) Дипломы бойынша біліктілігі _____
- 8) Сейсмикалық қаупі жоғары аудандарда жұмыс істеуге рұқсатының болуы

_____ (құжаттың нөмірін, берілген күні мен орнын көрсету)

- Өндірістік база туралы мәліметтер (сұрау салынған санатқа қарамастан лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны алған кезде, сондай-ақ санат бере отырып, лицензияны қайта ресімдеген кезде толтырылады)
- 9) Өндірістік базаның мекенжайы _____

- _____
- 10) Ауданы _____
 - 11) Жылжымайтын мүлікті тіркеу туралы куәліктің нөмірі _____

- _____
- 12) Жалға алу туралы шарттың нөмірі _____

- 13) База мыналармен жарақталған: (болған жағдайда, «Х» белгісін қою қ а ж е т)

Өтініш берілген жұмыс түрлерін, лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрін орындау үшін қажетті әкімшілік-өндірістік ғимараттармен және үй-жайлармен _____

Еңбек шарттарына сәйкес ұйымдастырылған жұмыс орындарымен _____

- _____
- 14) Жұмыстардың тиісінше орындалуын және сапаның қамтамасыз етілуін регламенттейтін сапаны бақылау жүйесі бойынша бекітілген нұсқаулықтың деректемелері (норманы бақылау, жұмыс жүргізудің сапасын бақылау) _____

- _____
- 15) Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесі бойынша бекітілген қағидалар мен нұсқаулықтардың деректемелері _____
- _____

Ө з г е

т а л а п т а р

(лицензия алған және лицензияны I және II қайта ресімдеген кезде толтырылады)

16) Жұмыс тәжірибесі _____

17) Іске қосылған объектілер _____

18) Пайдалануға беру актілерінің және орындалған жұмыстар актілерінің деректемелері _____

19) Іске қосылған объектілер бойынша пікірлердің деректемелері _____

Материалдық-техникалық жарактандырылуы туралы мәліметтер (сұрау салынған санатқа қарамастан лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны алған кезде толтырылады)

20) Атауы _____

21) Өлшем бірлігі _____

22) Саны _____

23) Пайдалану мерзімі _____

24) Сипаттамасы (маркасы, қуаты), сапалық құрамы _____

25) Ескертпе _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК